| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Педагогтіңаты-жөні | Тюрина Ф | | | |
| Күні: | 13.12.21 | | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтыңтақырыбы | **Ауаның маңызы қандай?** | | | |
| Оқубағдарламасынасәйкесоқытумақсаттары | **4.3.2.1 адам тіршілігінің түрлі салаларында ауаны қолдану жолдарын анықтау**<br>**4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну** | | | |
| Сабақтың барысы. | | | | |
| Сабақтыңкезең уақыт | Педагогтіңәрекеті | Оқушыныңәрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы | Психологиялық ахуал қалыптастыру.<br>**І.Ұйымдастыру**<br>- Балалар бір –бірімізге жақсы көңіл күй сыйлайық.Мен қазір қол шапалақтаймын сіздер соны қайталап қолдарыңызды соғыңыздар.<br><br>***2.Оқушыларды топқа бөлу***<br>*Оқушыларды топқа бөліп топ басшысын сайлау.*<br>***3.« Сұрақ ілмегі» әдісі***<br>**Үй тапсырмасын бекіту**<br>-Жел қалай пайда болады?<br>-Желдің пайдасы қандай?<br>-Желдің зияны қандай?<br>-Желдің бағытын анықтайтын құралды ата.<br>-Біздің елімізде тұрақты соғатын қанша жел анықталған? Олардың ішіндегі ең күштілерін ата. | Оқушылар сұраққа жауап береді | <br>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау. | Психологиялық ахуал.<br><br>Бағалау парақшасы<br><br>Сұрақтар |
| Сабақтың ортасы | ***1.«Кинометафра» әдісі***<br>***Ауа туралы бейнежазба көру.***<br>Сабағымыздың тақырыбы «Ауаның маңызы қандай?» деп аталады. Бүгінігі сабағымызда сендер Жер ғаламшары үшін ауаның маңызын түсінесіңдер. Ауаның қасиеттерін білесіңдер.<br><br>***2. «Зерттеушілік конференциясы» әдісі***<br>***Топтық жұмыс Ауаның қасиеттері***<br>- *Адам күнделікті өмірде ауаны қасиеттеріне байланысты қолданады.*<br><br>- Ауаның кейбір қасиеттерін білу үшін зерттеу жасап анықтаймыз, нәтижесін шығарамыз.<br>**І топ.**<br>**(Шар, май шам , су және топырақ**) Алдарындағы заттарды | Әр топ зерттеу жұмыстарын жүргізеді. | ҚБ: Бас бармақ арқылы бір- | бейнежазба<br><br>Шар,шам,су, топырақ,доп, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | пайдалана отырып , ауаның қасиеттерін зерттеп, сызбаға түсіреді.<br>(Шар- **ауаның салмағы болады,**<br>май шам – **жануды қолдайды,** су және топырақ -**ауа барлық жерде кездеседі.)**<br>**ІІ топ. Резенке ойыншық, доп, су құйылған табақша**<br>**(резенке ойыншық-** ауа ойыншық қабырғасына сығылып, дыбыс шығарады,<br>**доп** – серпіледі , сығылады,<br>**су құйылған табақшаға доп салу**- ауа судан жеңіл)<br>**ІІІ топ.**<br>**( лимон кесу –** иісі жоқ, дәмі жоқ,пішіні жоқ<br>**қолғаптың суреті**- жылуды сақтайды, сабын көпіршіктерін ұшыру- ауа қозғалады.**)**<br><br>**Дескрипторы:**<br>- ауаның иісі ,пішіні,дәмі,түсі жоқ, екенін көзге көрінбейтінін біледі;<br>-ауаның серпіледі және сығылатындығын біледі;<br>-ауаның жылу сақтайтындығы,жануды қолдайтындығы біледі;<br>-дыбыстар да ауа арқылы естілетіндігін біледі.<br>***3. «Кластер» әдісі Ауаның маңызы.***<br>-Ауаның қасиеттерін зерттеп білдік, осы алған білімізді және күнделікті өмірден көрген білгенімізді пайдалана отырып, ауаның маңызын кластер толтыру арқылы анықтап көрейік<br>-Ауа –тіршілік көзі. Ауасыз адам, жануар және өсімдік тіршілік ете алмайды. Ауа тіршілік,тірі табиғат үшін өте қажет. Бізді қоршап тұрған ауа бізді түрлі табиғи қауіптен сақтайды. Ауа болмаса, күннен түскен қызу жер бетін күйдіріп кетер еді. Күн сәулесін ауа жан-жақты таратады.Сондықтан да бізді күн күйдіріп кетпейді.<br>**Дескрипторы:**<br>-Ауа тіршілік,тірі табиғат үшін өте қажет екендігін біледі.<br>-Ауаның құрамындағы оттектің маңыздылығын біледі.<br>-Оттек жастықшасы мен оттек баллонының пайдасын біледі.<br><br>***4. Бес жолды өлең «АУА»***<br>1.Не? Ауа<br>2.Қандай? түссіз , мөлдір<br>3.Не істейді? Сығылады, серпіледі, көрінбейді.<br>4.Сөйлем. Ауа бізді қоршап тұр. | Ауаның кейбір қасиеттерін білу үшін зерттеу жасап анықтап, нәтижесін шығарады.<br><br>*Әр топ адамдарға, жануарларға,өсімдік терге ауаның қандай маңызы бар екендігін қорғайды.*<br><br>Бес жолды өлең құрастырады. | бірін бағалау.<br><br><br><br>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау. | сабын көпіршіктері,лимон,<br>топырақ,<br>резенке ойыншық<br><br>Фотосуреттер<br>Парақтар,<br>маркерлер.<br><br>Суреттері салынған үлестірмелі парақшалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 5. Оттегі<br><br>**5 «Өзіңізді тексеріңіз» әдісі**<br>Бұл мәлімет шындық па немесе жалған ба?<br>*-Ауаның құрамында оттек,азот және басқа газдар бар?* +<br>*-Ауа тек адам үшін қажет?* -<br>*-Ауа судан жеңіл ме?* +<br>*-Әрбір адам ағаш отырғызуға тиісті* +<br>*-Оқушылар ауаның тазалығын сақтау үшін жауапты емес*-<br>*-Ауаның ластануы – бұл тек біздің мемлекеттің мәселесі болып табылады* -<br>*-Таза ауа – денсаулық кепілі.* +<br>*-Жердің ауа қабатын АТМОСФЕРА деп атайды.* +<br>*-Ауа Жерді қатты суып кетуден немесе ысып кетуден сақтайды.* +<br>*-Көлік шығаратын түтін мен газ, шаң- тозаң ауаға таралмайды?* -<br>**Дескрипторы:**<br>- «Дұрыс немесе Бұрыс» әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді;<br>- ауаның Жер шары үшін пайдалы екенін біледі.<br><br>***6.* «Түзетулер» Әдісі**<br><br>Қате ақпараттың астын сызу , дәлелдеу.<br><br>**І топ тапсырмасы.**<br><br>Адам ауасыз 30 минут өмір сүре алады.Жер ғалам шары көзге көрінбейтін түссіз жамылғы- сумен қоршалған. Көшеде, бөлмеде, жерде ,суда да ауа жоқ. Жердегі кез келген бос кеңістік құммен толтырылған. Ауа көрінбейді, оны біздің сезім мүшелеріміз арқылы сезе алмаймыз.Жел- бұл ауа қозғалысы.<br><br>**ІІ топ тапсырмасы.**<br>*Адамға және басқа өлі тіршілік иелеріне тыныс алу үшін лас ауа қажет. Ауаның ластануы жер бетіндегі тіршілік иелеріне қауіп төндірмейді. Фабрикалардан ,заводтардан , көліктерден ауаға пайдалы заттар бөлініп шығады.Ауаны тазартудың тиімді жолы – көгалдандыру.* | Ауаның пайдасын білу үшін анықтауға қатысады, қорытынды шығарады.<br><br>Оқушылар өз жұмыстарын түзеткендеріне дәлел келтіреді, түсініктеме беру арқылы жауапты қайта тұжырымдайды. | <u>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау</u> | Үлестірмеліпар ақшалар |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>

**ІІІ топ тапсырмасы**<br>
*Қазіргі кезде ластанған ауаны қорғау үшін көп көңіл бөлінеді. Көптеген кәсіпорындарда пайдалы газдар мен шаң тозаңдарды ұстап қалатын қондырғылар жұмыс жасамайды.Ғалымдар ауаны ластайтын көліктерді ойлап шығармайды.Үлкен қалаларда арнайы ауаны тазалығын қадағалап отыратын арнайы станциялар орнатылған.*<br>
«Ойлан,жұптас,бөліс» әдісі<br>
**Жұптық жұмыс**

<table>
<tr><td>1. Жан-жағымыздан қоршаған ауаны неге көрмейміз?</td><td>Бүкіл тіршілік иелеріне аса қажет, көлік доңғалақтарына, су бетінде жүзуге, суда еріген оттегімен балықтар тыныс алады</td></tr>
<tr><td>2.Ауаның қандай қасиетін білеміз,</td><td>Орман ішінде, теңіз, көл, өзен,мұхит жағалауында</td></tr>
<tr><td>3. Ауаның маңызы қандай ?</td><td>Ауа мөлдір және түссіз болады</td></tr>
<tr><td>4.Неге жануарлар суықтан тоңбайды ?</td><td>Өсімдік ауаның құрамындағы көмірқышқыл газын , зиянды заттарды , шаңды жұтып , оның орнына көп мөлшерде оттегін бөліп шығарады</td></tr>
<tr><td>5. Таза ауа қайда болады?</td><td>Әр адам тәулігіне бірнеше мың литр ауа жұтады</td></tr>
<tr><td>6.Өсімдік таза ауаны қалай бөліп шығарады?</td><td>Ауаның тазалығын сақтау үшін ірі кәсіпорындардың мұржаларына ыс, шаң-тозаң, түрлі улы газдарды тұтатын қондырғылар орнатылады.</td></tr>
<tr><td>7.Ауаның көлемі қалай өзгереді ?</td><td>Түссіз, мөлдір, сығылады, жеңіл, серпімді, жануды қолдайды, жылуды нашар өткізеді</td></tr>
<tr><td>8. Әр адам тәулігіне қанша ауа жұтады?</td><td>Өйткені аңдардың жүнінің ,құстардың мамығының арасында ауа бар, ауа жылуды нашар өткізеді</td></tr>
<tr><td>9. Қалың киіммен адам неге тоңбайды?</td><td>Ауа қызғанда көлемі ұлғаяды, ауа суығанда көлемі кішірейеді</td></tr>
<tr><td>10. Ауаның тазалығын сақтау үшін не істейді</td><td>Себебі қалың киімнің түктерінде ауа болады, ал ауа дененің жылуын сыртқа шығармай ұстап тұрады.</td></tr>
</table>

</td>
<td>Берілген мәліметтерді сәйкестендіреді.</td>
<td></td>
<td>Кесте</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>5 мин</td>
<td>

**Кері байланыс: «Смайлктер»** әдісі бойынша өтеді..

**Үй тапсырмасы:**Эссе «Жергілікті жердегі ауаны ластаушы көздер»

</td>
<td>Оқушылар өздеріне ұнаған смайлктерді әуе шарына жапсырады.жапсырады</td>
<td></td>
<td>Смайлктер</td>
</tr>
</table>




Даланың дара ұстаздары
























Даламның дара ұстаздары






Не үшін қажет?
Қасиеті қандай?
Мұқағали Мақатаев
(1931-1976)


Ыбырай Алтынсарин
(1841–1889)